

"Қалжат" шекара асуын іске қосу кешенінің құрылысын аяқтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 маусым N 969.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1897 қаулысымен.~P001897

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының арасында болған келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысы әкімінің Мемлекеттік кеден комитетімен бірлесіп өткізген "Қалжат" шекара асуын іске қосу кешенінің құрылысын жалғастыруға арналған тендердің жеңімпазы ретінде "Алматы-келісім-шарт" агенттігін айқындаған тендердің нәтижелеріне келісім берілсін.

Алматы облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің көрсетілген кешеннің құрылысын 1997 жылы "Алматы-келісім-шарт" агенттігінің қаражаты есебінен аяқтау туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы облысының әкімі белгіленген тәртіппен шекара аймағынан "Алматы-келісім-шарт" агенттігіне терминалдар мен әлеуметтік сала объектілерін орналастыру үшін ақысыз негізде жерді тұрақты пайдалануға 22,5 га жер учаскесін бөлсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті ақысыз негізде "Алматы-келісім-шарт" агенттігінен "Қалжат" шекара асуын іске қосу кешеніне кіретін, құрылысы аяқталған объектілерді қабылдап алсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті пайдалануға енгізілген "Қалжат" шекара асуын іске қосу кешенін балансына қабылдасын және 1997 жылдың 1 қазанынан бастап оны пайдалануды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі